

Ақпараттық ресурстар және кітапхана қоры Оқу-әдістемелік кешендердің болуы туралы мәліметтер

Кітапхана - оқу тәрбие процесін әдеби - ақпараттық қамтамасыз ететін мектептің құрылымдық бөлімшесі болып табылады. Кітапхананың жұмысы мектептің дамуының негізгі бағыттарымен ұстасып жатады

Мектеп кітапханасында ақпараттық коммуникациялық орталық жұмыс істеуде. Оқушылар мен мұғалімдер қосымша қажет материалдарын алып отырады. 2022-2023 оқу жылы аралығында кітапхана 1729 дана оқулықпен 1-2 сынып оқушылары түгел қамтылды. Бүгінгі таңда 15629 оқулық бар.

Мектеп кітапханасының материалдық-техникалық базасы:

1. Қабат 2 этаж
2. Жалпы алаңы 62 кв м
3. Абонемент 34/33 кв м
4. Оқу залы 62/87 кв м, орындықтар саны 12
5. Медиатека 29/10 кв м , компьютер 1
6. Кітапхананың материалдық-техникалық қамтамасыздандырылуы: стеллаждар 12; оқу залында кітап сөре 6, картотека 1.

Оқу залында жасөспірімдерге және бастауыш сынып оқушыларына арналған мерзімді баспалар мен танысуға болады. Атап айтсақ Білім шыңы, Ақылдым тағы басқа.

Мектеп кітапхана қоры

- 1) Жалпы кітап қоры 25583
- 2) Оның ішінде мектеп оқулықтары(дана) 15629
- 3) Жаңа буын оқулықтар саны 10425
- 4) Оқырмандар саны 713
- 5) Қордың өсуі 204
- 6) Кітапханаға келу саны 14132
- 7) Берілген кітаптар саны 7123
- 8) Әдеби кітап 9911
- 9) Электрондық оқулық - 342 дана

Мектебімізде 2022 жылдың қыркүйек айына дейін 25583 дана кітап қоры болды. Осы 2022-2023 оқу жылында жалпы құны 21469820 теңге құрайды.

дана оқулықтар мен дәптерлердің тозуына және жарамсыздығына байланысты баланстық есептен шығарылды.

Қазіргі таңда жан-жақты білім мен тәрбие берер мәдени орындардың бірі – мектеп кітапханасы. Мектеп кітапханасында ақпараттық коммуникациялық орталық жұмыс істеуде. Оқушылар мен мұғалімдер қосымша қажет материалдарын алып отырады. Мектепте білім алушылардың жалпы саны 629 оқушы, соның 629 оқулықпен қамтамасыз етілді. Бірінші кезекте мектептегі статусқа ие, көп балалы отбасынан шыққан оқушылар оқулықпен қамтылды. Аталған топқа жататын оқушылардың барлығы 100% оқулықпен қамтамасыз етілген.

ҚарақозыӘбдәлиев атындағы жалпы білім беретін мектеп

2022 – 2023 оқу жылында «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында мектебімізде атқарылған жұмыстар жайлы мәлімет


Мемлекет басшысы Қасым - Жомарт Тоқаевтың тапсырмасын жүзеге асыру «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында түрлі көркем әдебиеттер тізімін ерікті түрде оқуға және электронды дәуірдегі көркем әдебиеттермен жұмыс жасауға және құнды көркем әдебиеттер мен шет ел әдебиеттерінің аудармаларын Ұстаздар мен оқушылар жоба бойынша жұмыс жасауға күрделі тапсырма берілген болатын.

Президент өз сөзінде: «Қазір бұл кітапханалардың қоры ескірген әрі жұтаң. Әсіресе, көркем әдебиеттер туындылар мен тартымды әдебиеттер тапшы. Қазақ тіліндегі тиісті әдебиеттер өте аз немесе жоқ. Оқушылардың әлем әдебиеті классиктерінің шығармаларына қолы жете бермейді» осыған орай бастауыш сыныптарымыздың сынып жетекшілері сыныптан тыс «Оқуға құштар мектеп» атты тақырыпта көрме ұйымдастырып, оқушыларымыз өздерінің жеке кітапханасында жинақталған түрлі ертегі кітаптар, мақал-мәтелдер, Абайдың қара сөздері жинақталған кітапшалар, қызықты әңгіме жинақтарымен өз сыныптастарымен бөлісті. Атап айтқанда 3-4 сыныптар бір – бірлеріне өздерінің оқып шыққан ертегілерімен, әңгіме жинақтарымен бөлісуде.

Максаты: Өскелең ұрпақтың оқу сауаттылығын арттыру, оқу мәртебесін, оқу белсенділігін және оқу саласын арттыру, балалар мен жастардың мәдени және оқу құзыреттілігін дамыту, көркем шығармаларды оқуды насихаттау, сонымен бірге жас ұрпақ бойында жоғары азаматтық және рухани – адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру.

Мектебіміздің бастауыш сынып Ұстаздары «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында керемет кітап көрмелерін

ұйымдастырды. Көрмелерге Абай атамyzдың қара сөздері, өмір деректері, қызықты ертегілер мен мақал – мәтелдер, көркем әдебиеттер және анықтамалықтар жинақтары келіп түсті. Ұстаздарымызға және оқушыларымызға жоба барысында сәттіліктер мен биік белестер тілейміз.









5 сыныптарымыз Ахмет Байтұрсыновтың өмір деректерін, әңгімелерін, мысал өлеңдерін тереңдетіп оқу үстінде және де кітапханадан алған кітаптарын апта бойы оқып талдап түсінігін бір – бірлеріне жеткізуде.

Осыдан соң «Менің атым Қожа» авторы Бердібек Соқпақбаевтың құнды балалық шақтың саяхаты, қызығы мен қиындығы баяндалған кітапты оқу үстінде.

6 сыныптарымыз Сұлтанмахмұт Торайғыровтың «Шәкірт ойы», «Шығамын тірі болсам адам болып», «Алаш туы», «Мен Қазақпын» атты шығармалары мен өлеңдерін түсініп оқуда.

9 сыныптарымыз «Құлагер» поэмасы, авторы: Ілияс Жансүгіровтің шығармаларын талдау үстінде, қазіргі таңда оқушыларымыз кітапханадағы Ілияс атамyzдың құнды жазбасын кезек кезегімен жаздырып алууда.

10 «А» сыныптарымыз Айгүл Кемелбекованың «Шашты» әңгімесінің желісінде жазылған көркем шығарманы,

10 «Ә» сыныптарымыз Мұхтар Мағауиннің (ҚГБ) «Шақан шері» романын талдау үстінде.

Мектебіміздің Ұлағатты Ұстазы Үмбеталиева Райхан апайымыздың ықпалымен мектебіміздің түлегі болған спортшы, спорт саласының басшысы Қасқаев Заңғар ағайымыз мектебімізге 50 мың теңге көлеміндегі қаржысына демеушілік жасап «Отбасы хрестоматиясы» авторы: Санжар Керімбай ағамыздың ең құнды кітаптары яғни сары кітаптар жиынтығы мектебімізге жеткізілді. Ағайымызға телефон арқылы мектебіміздің атынан үлкен алғыс білдірдік. Кітаптар ішінде Қазақ елінің көнеден келе жатқан терең тарихтары мен кең байтақ киелі жерлері, ер жүрек БАТЫРЛАРЫ жайында сыр шертеді, атап айтқанда Яссауи феномені, Логотерапия және өмірге құштарлық, өмірге ғашық болу Батырлар жыры, махаббаттың мәні, Диуани хикмет, Сыр сөз

**Шәкәрім, Бейсен және болмыс, Қожа Ахмет Яссауи КЕСЕНЕСІ,
Экософи немесе киелі табиғат, Мың бір сұрақ, Әлдиден эпосқа дейін,
Салт - дәстүр сөйлейді атты кітаптарға қорымыз біршама толықты.**

Келіп түскен Кітаптардың данасы - 20

**Мектепішілік «Оқуға құштар мектеп» жобасы бойынша
ұйымдастырылған акциямызға Ұстаздар қауымы өз жеке
кітапханаларынан жалпы саны – 44 дана кітаптарды сыйға тартты.**

**2023 жылы «Бір ел – бір кітап» республикалық акциясы аясында қазақ
жазушысы , драматург, қоғам қайраткері Төлен Әбдіктің
шығармаларын оқуға ұсынылды.**

**Төлен Әбдік – қазақ прозасында ерекше қолтаңбасы бар қаламгер.
Тұңғыш рет 1969 жылы «Көкжиек» әңгімелер жинағы жарық көріп,
қазақ әдебиетіне философиялық проза жанрын ала келген белгілі
жазушы ретінде танымал.**

**Жазушыға 2002 жылы жазушыға отандық әдебиетті дамытуға қосқан
зор үлесі үшін оған «Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген
қайраткері» құрметті атағы берілді.**







Мектебіміздің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің ұстазы Нұрманқұлова Ұлжалғас апайымыздың ұйымдастыруымен «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында оқушылармен көркем әдебиеттерді «Бірге оқимыз», «Әлемді кітаппен таны» атты тақырыптарда көрмелер мен құнды библиографиялық сабақтар жүргізілді.









